

**Сәтбаев қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 130 "Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу схемасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 488 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 5615 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Сәтбаев қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 130 "Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу схемасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2323 болып тіркелген және 2013 жылғы 10 мамырдағы "Шарайна" № 19 (2054) газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы*

*К. Жанасылова*


*Т. Хмилярчук*

Сәтбаев қалалық  
мәслихатының  
2019 жылғы 26  
желтоқсандағы  
№ 488

шешіміне қосымша

Сәтбаев қалалық мәслихатының  
2013 жылғы 29 наурыздағы  
№ 130 шешіміне қосымша

**Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу СХЕМАСЫ**



## СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫ

Р/н №	Функционалдық аймақтың №-і	Функционалдық аймақтар
1	2	3
1.	I	тұрғын+қоғамдық-іскерлік аймақ
2.	II	шағын және орта бизнестің өндірістік объектілері бар тұрғын аймақ
3.	III	өнеркәсіптік (өндірістік) аймақ
4.	IV	парктер, гүлзарлар аймағы

5.	V	инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймағы
6.	VI	режимдік аумақтар аймағы
7.	VII	бағбандық қоғамдар аймағы
8.	VIII	арнайы мақсаттағы аумақтар аймағы
9.	IX	су объектілері аймағы
10.	X	тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің аймағы
11.	XI	бүлінген жерлер аймағы
12.	XII	қоныс аудартуға жататын аймақ
13.	XIII	қала тұрғындарын ауыл шаруашылығы өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған ауыл шаруашылығында пайдаланылатын аймақ
14.	XIV	ауыл шаруашылығына пайдаланылатын, резервтегі және өзге де қала құрылысы қызметіне тартылмаған жер аймағы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК